

## **Қазақстан Республикасы астанасының ресми тұсаукесерін өткізумен байланысты ұйымдастыру шаралары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 27 мамырдағы N 95

"Қазақстан Республикасы астанасының ресми тұсаукесерін өткізумен байланысты ұйымдастыру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3954 Өкімін N983954\_ орындау үшін:

1. Қазақстан Республикасының астанасы ретінде Астана қаласының тұсаукесерін дайындау мен өткізуге қатыстырылған барлық мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Әкімшілігімен, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен келісе отырып, тұсаукесер бойынша барлық шаралардың бекітілген бағдарламаға сәйкес толық көлемінде және мерзімінде өткізілуін қамтамасыз етсін.

2. Тұсаукесерге келетін ресми делегацияларға бекітілген барлық мемлекеттік органдар ресми делегацияларды, сондай-ақ мәдени бағдарламаларды қамтамасыз ететін адамдарды жайғастыру мен оларға қызмет көрсетуді ұйымдастырсын.

3. Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен келісе отырып, делегациялардың құрамын айқындасын және олардың бекітілген кестелер бойынша дер кезінде келуі мен қайтуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен, Астананың әкімімен келісе отырып, Астана тұсаукесерінің бекітілген Бағдарламасына сәйкес мәдени шаралардың өткізілуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі астананың ресми тұсаукесері шеңберінде өткізілетін шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі Мемлекеттер басшыларының арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ұшуын қамтамасыз етсін. Көлік және коммуникациялар министрлігі арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуін, оларды тұраққа қоюды және май құюды, сондай-ақ облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесе отырып, делегациялардың темір жол көлігімен келуін ұйымдастырсын.

7. Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісе отырып,

Мемлекеттер басшыларының, олардың делегацияларының, сондай-ақ республика аймақтары өкілдерінің қауіпсіздігін, әуежайда, теміржол вокзалында, сондай-ақ делегациялардың жүру маршруттары мен болатын орындарында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін. 8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Астана тұсаукесері жөніндегі шығыстарды бекітілген сметаға сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүргізісін.

П р е м ь е р - М и н и с т р і

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК